


# Балаларға арналған Киелі кітап ұсынады



## Оттың адамы



Мәтінін жазған: Edward Hughes

Суретін салған: Lazarus  
Alastair Paterson

Бейімдеген: E. Frischbutter

Қазақ тіліне аударған: Raikhan Esimkhankyzy

Шығарушы: Bible for Children  
[www.M1914.org](http://www.M1914.org)

©2023 Bible for Children, Inc.  
Лицензия: сатуға тиым салынған, көшірме жасауға  
немесе басып шығаруға рұқсат етілген.

1

Исраил үшін бәрі жаман болып көрінді. Патша мен патшайым Құдайды жек көрді. Қандай жаман үлгі! Арада ұзақ уақыт өтпестен адамдар жалған тәңірлерге табына бастады. Құдайды жақсы көрген біреу бар ма? Иә, онда бірнеше адал табынушылар



бар еді. Бірде Құдай олардың бірімен  
тілдесе бастады, оны аты –Ілияс.

2

Илияс зұлым патша Ахабқа: «Израилдін Құдайы Жаратқан Ие тірі, бұл жылдары Мен айтпайынша не шық, не жаңбыр болмайды», –деді. Мұның мағынасы –аштық болады деген сөз! Құдай Өзінің халқы Израилге зұлымдығын жалғастыруға жол бермес еді.




3



Патшаға ескерту жасаған соң Құдай Илиясты қала сыртындағы бір тыныш жерге жіберді. Сол жерде бұлақ бойында Илияс күтіп жүрді. Құдай оны тамақтандыру үшін қарғаларды жіберетін. Олар танертен және кешке нан мен ет әкелетін. Содан Илияс бұлақ суынан ішіп жүрді.

4

Арада көп өтпей бұлақ суы құрғап



қалды, өйткені жаңбыр жауған жоқ. Құдайдың Сөзі орындалды. Бүкіл елде су жетіспеді. Астық өспеді. Адамдар аш болатын. Мүмкін Илияс енді су құрғап қалған соң, маған не болады деп сұраған болар.

5

Құдай Илиясқа: «Түр да, Сарептаға барып, сонда бол. Біліп ал, Мен жесір әйелге саған қамқорлық жасауды бұйырдым», –деді.

Құдай Өз қызметшісінің мұқтаждығын білді. Бірақ қамтамасыз етудің әдісіқандайқызық. Илияс Құдайға кішіпейілдікпен бағынды.

Ол Сарептаға жеткен кезде, жесір әйел отқа тамызық жинап қала қақпасының алдында жүрді.

6


«Маған құмырамен су әкеп беріңізші», –деп сұрады Илияс әйелден. –Бір кесек нан да ала келіңізші». «Менде нан жоқ, –деп жауап берді жесір. –Тек кеспектің түбінде бір уыс ұн мен құмырада біраз май ғана бар».



Өкінішке орай сол әйел пайғамбарға олар таусылған кезде, ұлы екеуі аштықтан өлетінін айтты.

7

«Қорықпаңыз. Алдымен маған содан күлше нан пісіріңіз, содан кейін өзіңізге және ұлыңызға арнап пісіріңіз, – деді Илияс. — Ұн мен май Жаратқан Ие жерге жаңбыр жіберетін күнге дейін таусылмайды». Осылай болу үшін Құдайға керемет жасауға тура келер еді. Ол солай етті де! Әйел мен оның ұлы көп күндер бойы нан жеді, бірақ кеспектегі ұн мен құмырадағы май таусылмады.



8



Илияс олармен бірге тұрды. Бірде қайғылы жағдай орын алды. Жесірдің ұлы қайтыс болды. Илияс баланың денесін жоғарғы бөлмеге апарды. Ол



Жаратқан Иеге жалбарынып: «О, ЖАРАТҚАН ИЕМ, менің Құдайым, Саған жалынам, мына баланың жаны оған қайтып оралсыншы», – деді. Қандай мүмкін емес мінәжат!

9

Жаратқан Ие Илиястың дауысын естіді, сөйтіп баланың жаны оған қайтып оралып, ол тірілді. Илияс баланы алып, оны анасына тапсырған кезде, ол:



«Енді осыған қарап сенің аузыңдағы Жаратқан Иенің сөзі шындық екенін мен білем», – деді.

10


Үш жыл өткенде Құдай: «Мен жерге жаңбыр жіберем», – деп айтып, Илиясты қайтадан патшаға жіберді. Ахабқа бару ма? Оның әйелі Езабел Құдайдың жүздеген



пайғамбарларын өлтіріп тастаған. Бірақ Илияс дауласпады. Ол Ахаб патшаға барды.

11

Бұл екі еркек кездескен кезде, Илияс Ахабқа бүкіл Исраил мен 850 жалған пайғамбарды жинауға шақыру тастады. Қармил тауы деп аталатын жерде Илияс халыққа былай деді: «Егер Жаратқан Ие Құдай болса, онда Оның соңынан еріндер».



12

Илияс құрбандыққа екі бұқаны шалуды бұйырды. Бірақ олардың шалынуына ешқандай от пайдаланылуға тиісті емес болатын. «Сендер өз құдайларыңның атын, ал мен өзімнің Жаратқан Иемнің атын шақырам, – деді ол. – Сонда отпен жауап беретін Құдай – шын Құдай». «Бұл жақсы айтылды», – деп жауап берді адамдар.




13

Таңнан кешке дейін жалған пайғамбарлар өздерінің жалған құдайларына ышқына жалбарынумен болды. Олар секірді, биледі, өздерін пышақпен қан шығара тілгіледі. Бірақ от түспеді.



14



Сосын Ілияс отын мен құрбандықтың үстіне су құйып сиынды. «Жаратқан Ием, мына халық Сенің Жаратқан Ие Құдай екенінді білу үшін мені ести гөр...» Сол кезде көктен Жаратқанның оты түсті. Ол бұқа мен отынды өртеп жіберді. Мұнан соң тастан жасалған құрбандық орнын да жағып жіберді!

15

Адамдар мұны көрген кезде, олар дауыстап: «Жаратқан Ие, Ол –Құдай!» –деді. Сонда Ілияс: «Бағалдың пайғамбарларын ұстап алындар. Олардың ешқайсысының қашып кетуіне жол бермендер!» –деді. Ілияс осыған дейін көп уақыт бұрын Ахаб істеуге тиіс нәрсені істеді. Ол жалған пайғамбарларды өлтірді.



16

Содан кейін Құдайдың қызметшісі Ахабқа жаңбыр жақындап келе жатқанын айтты. Тез арада кішкентай бұлт пайда болды. Жаңбыр жауа ма? Үш жылдан аса уақытқа созылған қатерлі

күрғақшылықтан кейін?



17




Біраздан соң аспан бұлт пен желден күнгірттеніп сала берді, солайша қатты жаңбыр жауды. Құдай жаңбыр жіберді. Құдай адамдарға Ілиястың дұрыс айтқанын көрсетті. Құдай Өзінің жалғыз Құдай екенін де көрсетті.

18

Қалай ойлайсындар, Ахаб патша Құдай мен Оның қызметшісі Ілиясты құрмет тұтты ма? Шын мәнінде Езабел Ілиясты өлтірмек болған, бірақ ол қашып кетті. Ақыр соңында Ахаб шайқаста қаза тапты, ал Езабелді құлдары сарайдың биік қабырғасынан итеріп жіберді. Ол төмендегі тастарға құлап тіл тартпай кетті.



19



Ілиясқа не болды? Бір күні Құдай жалындаған аттар жегілген отты күйме жіберді, солайша Ілияс, Құдайдың отты адамы, көкке құйынмен көтеріліп кетті.

20



Оттың адамы

Құдайдың Сөзі –

Киелі кітаптан алынған әңгіме

3 Патшалық 17-19, 4 Патшалық 2

"Мәнісі ашылғанда сөздерің нұрын шашады."  
Забур 119:130

21

24

60

22



Киелі Кітаптағы бұл әңгіме бізді  
жаратқан әрі Оны білгенімізді қалайтын  
тамаша Құдайымыз жайында баяндайды.

Құдай біздің жаман істер істегенімізді біледі.  
Ол мұны күнә деп атайды. Күнәнің жазасы - өлім.

Құдай бізді сондай қатты сүйгендіктен, Өзінің жалғыз Ұлын,  
Исаны айқыш ағашта өліп, біздің құнымызды өтеу үшін жіберді.  
Иса қайта тіріліп, көкке көтеріліп кетті. Енді Құдай біздің  
күнәларымызды кешіре алады.

Егер сен күнәларыңнан арылғың келсе,  
Құдайға былай де: Көктегі Құдай, Исаның мен үшін өліп,  
қайта тірілгеніне сенемін. Мен енді жаңа өмірге ие болып,  
кейін Сенімен мәңгі бірге болуым үшін менің өміріме келе гөр,  
менің күнәларымды кешіре гөр. Сенің балаң болып, Сен үшін  
өмір сүруіме көмектесе гөр. Аумин. Жохан 3:16

Киелі Кітапты күнделікті оқып, Құдаймен тілдес.

23